

## Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Шахтерское селосының әкімінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 маусымда № 4801 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Шахтерское ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Шахтерское ауылының көшелері:
  - 1) Комсомольская көшесі Бейбітшілік көшесіне;
  - 2) Советская көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
  - 3) Заготзерно көшесі Сарыарқа көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімінің міндеттерін атқарушысы*

*Г. Смагулова*